

Лицензиялауға жататын сәулет-қала құрылысы қызметінің жұмыс түрлерінің тізбесін, Қазақстан Республикасында сәулет-қала құрылысы қызметін мемлекеттік лицензиялау тәртібін және Қазақстан Республикасының құрылыс, тұрғын үй және аумақтарда құрылыс салу министрлігі жанындағы сәулет-қала құрылысы қызметін мемлекеттік лицензиялау департаменті туралы ережені бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысы 11 шілде 1994 ж. N 777. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002.01.10. N 23 қаулысымен. ~P020023

"Қазақстан Республикасындағы сәулет және қала құрылысы туралы"

Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. N 1 қосымшаға сәйкес лицензиялауға жататын сәулет-қала құрылысы қызметі жұмыс түрлерінің Тізбесі;

N 2 қосымшаға сәйкес сәулет-қала құрылысы қызметін мемлекеттік лицензиялау Тәртібі;

Ескерту. 3-ші абзацтың күші жойылған - ҚР Үкіметінің 1996.01.24.

N 88 қаулысымен.

P960088_

2. Қазақстан Республикасының Құрылыс, тұрғын үй және аумақтарда құрылыс салу министрлігі бір айлық мерзімде сәулет-қала құрылысы қызметін жүзеге асырушы кәсіпорындар мен ұйымдарды лицензиялау кезегін анықтасын.

3. Облыстардың және Алматы қаласының әкімдері бұрын қабылданған шешімдерді осы қаулының 1-тармағында көрсетілген нормативтік актілерге сәйкес келтірсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі

Қазақстан Республикасы

Министрлер Кабинетінің
1994 жылғы 11 шілдедегі
N 777 қаулысына
N 1 қосымша

Лицензиялауға жататын сәулет-қала құрылысы

қызметі саласындағы жұмыс түрлерінің
ТІЗБЕСІ

Күрделі құрылысқа арналған инженерлік іздестірулер

Инженерлік-геодезиялық іздестірулер
Инженерлік-геологиялық іздестірулер
Мелиорациялық, орман-техникалық іздестірулер
Инженерлік-экологиялық іздестірулер
Инженерлік іздестірулердің сапасын бақылау

Күрделі құрылысқа арналған жобалау жұмыстары

Қала құрылысы құжаттамаларын жасау
Сәулеттік жобалау
Құрылыстық жобалау
Инженерлік жүйелер мен желілерді жобалау
Жобалардың арнаулы тауарларын әзірлеу
Технологиялық жобалау

Жұмысты атқару мен құрылысты ұйымдастыру жобаларын әзірлеу Сәулет объектілерін салуға, қайта құруға және жаңғыртуға арналған қала құрылысы мен жобалау құжаттамаларын кешенді әзірлеуге

басшылық жасау бойынша жобалардың бас сәулетшісінің /жобалардың бас инженерлерінің/ міндеттерін іс жүзіне асыру
Жобалау құжаттамаларының сараптамасы

Құрылыс құрастырмаларын, бұйымдарын және материалдарын әзірлеу мен жасау

Құрылыс материалдарын жасау

Болатты және алюминийлі құрылыс құрастырмалары мен бұйымдарын жасау

Бетонды және темір-бетонды құрастырмалар мен бұйымдар жасау

Арнаулы темір-бетонды құрастырмалар жасау

Қысымды және қысымсыз темір-бетонды құбырлар жасау

Тауарлы бетон мен ерітінді жасау

Табиғи тастардан қаптама материалдар жасау

Асфальт-бетонды қоспалар жасау

Ағашты құрылыс құрастырмалары мен бұйымдарын жасау

Мүкәмалдар, құрылғылар, металды қалыптар жасау

Желдеткіштік, санитарлық-техникалық және электр-монтаждық бұйымдар мен дайындамаларын жасау

Құрылыс-монтаж жұмыстары

Жер қазу жұмыстары

Жердегі арнаулы жұмыстар

Үйлер мен ғимараттардың салмақ түсетін және қоршау құрастырмаларын тұрғызу

Арнаулы құрылыс және монтаж жұмыстары

Сыртқы инженерлік жүйелер мен ғимараттарды орналастыру жұмыстары

Ішкі инженерлік жүйелерді орналастыру жұмыстары

Құрастырмалар мен жабдықтарды қорғау жұмыстары

Құрастырмаларды өңдеу жұмыстары

Жол құрылысы жұмыстары

Аумақты көркейту жұмыстары

Технологиялық жабдықтарды монтаждау

Іске қосу-баптау жұмыстары
Жөндеу-құрылыс жұмыстары, үйлер мен ғимараттарды қайта
құру және мықтау
Құрылыс-монтаж жұмыстарының сапасын бақылау

Сәулет-қала құрылысы қызметінің басқа да түрлері

Тұрғын үй саласындағы жылжымайтын мүлікті бағамдау Коммерциялық
құрылыс салушылардың міндеттерін атқару Инжинирингтік қызметтер

Ескертпе. Берілетін лицензияларда көрсетілетін сәулет-қала құрылысы
қызметінің жұмыс түрлері Қазақстан Республикасының Құрылыс, тұрғын үй
және аумақтарда құрылыс салу министрлігі бекіткен құрылыстағы жұмыстар мен
қызметтердің жіктемесімен нақтыланады.

Қазақстан Республикасы

Министрлер Кабинетінің
1994 жылғы 11 шілдедегі
N 777 қаулысына
N 2 қосымша

Қазақстан Республикасында сәулет-қала
құрылысы қызметін мемлекеттік лицензиялау
Т Ә Р Т І Б І

І . Ж а л п ы е р е ж е л е р

1. Осы Тәртіп лицензиялық қызметтің ұйымдық-құқылық негіздерін,
лицензияларды беру, қолданылуын тоқтату және күшін жою тәртібін,
лицензиялау органдары мәртебесі мен қызметін белгілейді.

2. "Қазақстан Республикасындағы сәулет және қала құрылысы туралы"
Қазақстан Республикасы Заңына сәйкес Қазақстан Республикасында сәулет-қала
құрылысы қызметін мемлекеттік лицензиялау құрылыс өнімдерін қауіпсіз
пайдалануды, қоршаған ортаны қорғауды, азаматтар мен мемлекеттің құқықтары

мен мүдделерін қорғауды қамтамасыз ету мақсатында жүзеге асырылады.

3. Сәулет-қала құрылысы қызметінің түрлері лицензиялауға жатады, олардың тізбесін Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті бекітеді.

4. Меншік нысаны мен ведомстволық бағыныстылығына қарамастан, мұның ішінде Қазақстан Республикасы аумағында сәулет-қала құрылысы қызметін жүзеге асырушы немесе оны жүзеге асыруға ниет етуші шетел мемлекеттерінің заңды ұйымдары мен жеке тұлғаларының /жауапты орындаушылардың/ тиісті лицензиялары болуы тиіс.

Өз күштерімен жекеменшік құқына жататын жеке тұрғын үйлер мен қора-қопсы құрылыстарын салушы азаматтарда лицензияның болуы міндетті емес.

5. Сәулет-қала құрылысы қызметінің қандай да болмасын түрлерін жүзеге асыруға лицензиясы бар заңды ұйымдар осы жұмыстарды атқаруды тиісті лицензиялары бар жауапты орындаушылармен қамтамасыз етуі тиіс.

6. Заңды ұйымдардың лицензиясыз сәулет-қала құрылысы қызметін жүзеге асыруына оның тиісті түрлерінің тиісті лицензиялары бар жауапты орындаушылар атқарған жағдайда жол беріледі.

7. Қазақстан Республикасының аумағында сәулет-қала құрылысы қызметін жүзеге асыруды ниет етуші шетел мемлекеттерінің заңды ұйымдары мен жеке тұлғаларының лицензиялары Қазақстан Республикасының Құрылыс, тұрғын үй және аумақтарда құрылыс салу министрлігі белгіленген тәртіпте танылады.

II. Лицензиялаудың мемлекеттік жүйесі

8. Қазақстан Республикасында сәулет-қала құрылысы қызметін лицензиялауды Қазақстан Республикасының Құрылыс, тұрғын үй және аумақтарда құрылыс салу министрлігі жанындағы Сәулет-қала құрылысы қызметін мемлекеттік лицензиялау департаменті /бұдан әрі - Мемқұрылыслицензия/ мен оның аумақтық бөлімшелері ғана жүзеге асырады.

9. Мемқұрылыслицензия органдары берген лицензиялардың республиканың бүкіл аумағында күші бар.

10. Сәулет-қала құрылысы қызметінің аса жауапты да күрделі түрлерін лицензиялауды Мемқұрылыслицензияның орталық аппараты жүзеге асырады. Қызметтің мұндай түрлерінің тізбесін Қазақстан Республикасының Құрылыс, тұрғын үй және аумақтарда құрылыс салу министрлігі белгілейді.

11. Мемқұрылыслицензия органдарының лицензияларының бар екендігін және лицензиялауға ие болу мәртебесінің сақталуын тексеру үшін кәсіпорындардың, ұйымдар мен жеке тұлғалардың қызметіне ішінара тексеру жүргізуге құқы бар.

12. Мемқұрылыслицензия органдары жанынан шарттық негізде тартылатын білікті мамандардан сараптама комиссиялары құрылады, сондай-ақ қорытындылар әзірлеп және оларды Мемқұрылыслицензия органдарына ұсыну үшін сәулет-қала құрылысы қызметінің тиісті түрлері бойынша жұмыс тәжірибесі бар ұйымдардың базасында мамандандырылған сараптама орталықтары тіркеледі.

13. Лицензиялау жөніндегі материалдарды әзірлеу мен ресімдеу бойынша жұмыстар мен қызметтерге ақы Қазақстан Республикасы Экономика министрлігінің келісімі бойынша Қазақстан Республикасының Құрылыс, тұрғын үй және аумақтарда құрылыс салу министрлігі белгілеген тәртіпте лицензия алуға ниет етуші заңды ұйымдар мен жеке тұлғалардың есебінен төленеді.

III. Лицензиялау ісін ұйымдастыру

14. Арнаулы білімі мен аталмыш мамандығы бойынша тиісті жұмыс стажы бар жеке тұлғалардың, сондай-ақ құрылтайшылық құжаттарында өздері лицензия алуға ниет қылған жұмыс пен қызмет түрлерін атқаруды көздеген кәсіпорындар мен ұйымдардың сәулет-қала құрылысы қызметін жүзеге асыру үшін лицензия алуға қ ұ қ ы б а р .

15. Жеке тұлғалар үшін - арнаулы білімінің, сол мамандығы бойынша тиісті жұмыс стажының, лицензия берілетін жұмыс түрлері бойынша практикалық қызметтің оң нәтижелерінің, сондай-ақ тестілеудің оң нәтижелерінің болуын; заңды ұйымдар үшін - ірі тапсырыс берушілердің /өнімдері тұтынушылардың / пікірлері, жобалау, іздестіру және мердігерлік ұйымдардың, тиісті мемлекеттік қадағалау органдарының тұжырымдары бойынша анықталатын орындалып жатқан жұмыстың, өнімдердің, қызметтің сапалық деңгейін; сапалық бақылаудың болуын; тиісті мәшинелердің, тетіктер мен жабдықтардың болуын немесе оларды тарту мүмкіншілігін ескеру арқылы техникалық базаның жай-күйін; арнаулы білім деңгейі мен сәулет-қала құрылысы қызметінің тиісті түрінен жұмыс стажы болуы ескерілген мамандардың білікті құрамын растайтын құжаттар мен деректер негізінде қабылдайтын лицензиялау органының оң шешімі лицензиялар алуға арналған шарт болып табылады.

16. Мемқұрылыслицензия органдарына берілетін қажетті құжаттар мен материалдар тізбесін, сондай-ақ лауазымды адамдар мен мамандығы бойынша қажетті жұмыс стажы көрсетілген лицензиясы болуға тиісті жауапты орындаушылар тізбесін Қазақстан Республикасының Құрылыс, тұрғын үй және аумақтарда құрылыс салу министрлігі белгілейді.

17. Сәулет-қала құрылысы қызметінің аса күрделі де жауапты түрлерін орындауға лицензия алуға ниет қылған заңды және жеке тұлғалар

Мемқұрылыслицензия органдарына мамандандырылған сараптама орталықтарының қорытындыларын тапсырады.

18. Лицензия беру немесе беруден бас тарту туралы шешім қажетті материалдар мен құжаттарға қоса өтініш түскен күннен бастап 30 күн ішінде қ а б ы л д а н а д ы .

19. Мемқұрылыслицензия органдары оң шешім барысында заңды ұйымдарға немесе жеке тұлғаларға белгіленген нысандағы лицензияны табыс етеді, ол көрсетілген сәулет-қала құрылысы қызметі түрлерін орындау құқын береді. Лицензия нысанын Қазақстан Республикасының Құрылыс, тұрғын үй және аумақтарда құрылыс салу министрлігі бекітеді.

20. Лицензия беруден бас тартқан жағдайда заңды ұйымдарға немесе жеке тұлғаларға жазбаша түрде дәлелді бас тартпа қолданады, мұнда берілген материалдарды қарау бойынша шығын сомасы қайтарылмайды.

21. Заңды ұйымдар мен жеке тұлғалардың сәулет-қала құрылысы қызметінің бір немесе бірнеше түріне лицензия алуға құқы бар.

22. Лицензиялардың қолданылу мерзімі шектелмейді, егер онда басқаша айтылмаса, ол жыл сайын Мемқұрылыслицензия органдарында қайта тіркеуден өтеді. Сәулет-қала құрылысы қызметінің қандай да болмасын түрін алғаш рет орындауға ниет етуші заңды ұйымдар мен жеке тұлғаларға лицензия бір жыл м е р з і м г е б е р і л е д і .

23. Мемқұрылыслицензия органдарының материалдарды қарауы кезінде заңды ұйымдар мен жеке тұлғалардың бұрыннан атқарып жатқан сәулет-қала құрылысы қызметі түрлерін жалғастыра беруге құқы бар.

ІҮ. Лицензиялардың қолданылуын тоқтату ж ә н е к ү ш і н ж о ю

24. Лицензиялардың қолданылуы:

сәулет-қала құрылысы қызметі саласындағы жұмыстарды орындау негізінде атқару үшін міндетті стандарттар, нормативтік-техникалық шарттар, құрылыс нормалары мен ережелері бұзылған;

сәулет-қала құрылысы қызметі саласындағы бұзылымы үшін әлденеше рет / бір жыл ішінде/ әкімшілік санкциялар қолданылған;

құрылыс-монтаж, жөндеу-құрылыс және басқа да жұмыстарды орындау кезінде жобалау құжаттамаларынан ауытқыған;

сәулет-қала құрылысы қызметі саласында сапасыз орындалған жұмыстар әлденеше рет тоқтатылған жағдайларда тоқтатылады.

25. Лицензияның қолданылуы бір жылдан аспайтын мерзімге тоқтатылады, сөйтіп бұл заңды ұйымдар мен жеке тұлғалардың ұйғарымында көрсетілген

сәулет-қала құрылысы қызметінің түрлерін доғаруына апарады.

26. Лицензиялардың күші:

құрылыс заңдары мен нормативтік актілердің талаптарының бұзылуы үйлердің немесе ғимараттардың апатқа ұшырауына немесе адамдар мен қоршаған ортаға мейлінше қауіп-қатер төндіруге әкелген;

Мемқұрылыслицензия органдарына берілген материалдар мен құжаттарда бұрмалау фактілері анықталған;

лицензияның қолданылуы үш реттен астам тоқтатылған;
лицензияның қолданылуын тоқтату жөніндегі ұйғарымнамада көрсетілген талаптар орындалмаған;

шарттық қатынастар бірнеше мәрте бұзылған;
заңды ұйым таратылған немесе ол қайта құрылып, қызмет тұрқы өзгеріске ұшыраған жағдайларда күші жойылады.

27. Лицензияның күші жойылған жағдайда заңды ұйымдар мен жеке тұлғалар бұрын орындаған сәулет-қала құрылысы қызметінің түрлері үшін екінші қайтара лицензия алуға бір жыл өткеннен кейін ғана құқылы.

28. Лицензиялардың қолданылуын тоқтату немесе күшін жою туралы шешімді Мемқұрылыслицензия органы дербес немесе Мемсәулетқұрылысбақылау, Мемсараптама органдарының, бақылау мен қадағалаудың басқа да мемлекеттік органдарының, тергеу органдарының, соттың, прокурордың, мамандандырылған сараптама орталықтарының, қоғамдық ұйымдар мен сәулет-қала құрылысы қызметінің өнімдерін тұтынушылардың ұсынысы бойынша қабылдайды.

29. Лицензиялау органдары лицензиялардың қолданылуын тоқтату немесе күшін жою туралы шешім қабылдау кезінде фактілер мен деректерді тексеру үшін сараптама комиссияларын құрады, олардың құрамына бақылау мен қадағалаудың мемлекеттік органдарының, мамандандырылған сараптама орталықтарының, қоғамдық ұйымдардың мамандары тартылады.

30. Лицензиялардың қолданылуын тоқтату немесе күшін жою туралы мәселелердің қаралуы кезінде лицензия иесі аталмыш мәселе бойынша барлық материалдармен танысуға құқы бар, мәселе лицензия иесінің тікелей қатысуымен қаралады.

31. Лицензия иесі Мемқұрылыслицензия органы мәжілісіне дәлелді себептерсіз екі рет келмеген жағдайда лицензияның қолданылуын тоқтату немесе күшін жою туралы мәселе оның қатысуынсыз қаралады.

32. Лицензияның қолданылуын тоқтату немесе күшін жою туралы шешім қабылданған күннен кейін бір апта мерзім ішінде жазбаша түрде лицензия иесіне табыс етіледі.

33. Күші жойылған лицензия лицензиялау органына тапсырылуы тиіс.

34. Лицензияларды беру, қолданылуын тоқтату немесе күшін жою мәселелерінде туындайтын дау-дамайлар белгіленген заңдар тәртібінде қаралады .

Қазақстан Республикасы

Министрлер Кабинетінің
1994 жылғы 11 шілдедегі
N 777 қаулысына
N 3 қосымша

Қазақстан Республикасының Құрылыс, тұрғын үй және аумақтарда құрылыс салу министрлігі жанындағы Сәулет-қала құрылысы қызметін мемлекеттік лицензиялау департаменті туралы
Е Р Е Ж Е

1. Қазақстан Республикасының Құрылыс, тұрғын үй және аумақтарда құрылыс салу министрлігі жанындағы Сәулет-қала құрылысы қызметін мемлекеттік лицензиялау департаменті /бұдан әрі - Мемқұрылыслицензия/ министрлік өкілеттігі шегінде Қазақстан Республикасы аумағында сәулет-қала құрылысы қызметін лицензиялауды дербес жүзеге асырушы өкімет билігінің орталық органы болып табылады.

Департамент және оның құрамына енетін облыстардағы аумақтық бөлімшелер Қазақстан Республикасының Сәулет-қала құрылысы қызметін лицензиялау органдарының бірыңғай мемлекеттік жүйесін құрайды.

2. Департамент өз қызметінде Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарын, Республика Жоғарғы Кеңесінің заңдарын, Қазақстан Республикасы Президентінің актілерін, Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің шешімдерін, осы Ережені, Қазақстан Республикасы Құрылыс, тұрғын үй және аумақтарда құрылыс салу министрлігінің бұйрықтары мен нұсқауларын басшылыққа алады.

3. Мемқұрылыслицензияның негізгі қызметтері мен міндеттері: сәулет-қала құрылысы қызметінің осы қаулының N 1 тізбесінде келтірілген түрлерінің тізбесін лицензиялау;

Лицензия алуға ниет етуші заңды ұйымдар мен жеке тұлғалардың қажетті

материалдары мен құжаттарын қарау;
өтінім жасаушылар тапсырған материалдар мен құжаттарға сараптама
ұйымдастыру;

сәулет-қала құрылысы қызметін жүзеге асырушы лицензия алуға ниет еткен
кәсіпорындарға, ұйымдарға қажет болған жағдайда зерттеу-тексеруді
ұйымдастыру;

заңды ұйымдар мен жеке тұлғалардың сәулет-қала құрылысы қызметін
қойылатын талаптарға сай жүзеге асыру мүмкіншіліктерін бағамдау;

сәулет-қала құрылысы қызметін осы қаулының N 2 қосымшасында
келтірілген тәртіпке сәйкес жүзеге асыру құқығына лицензия беру, қолданылуын
тоқтату, күшін жою және қайта тіркеу;

шетелдік лицензияларды белгіленген тәртіпте тану;

Қазақстан Республикасының заңды ұйымдары мен жеке тұлғаларының
шетелдерде жүзеге асыратын сәулет-қала құрылысы қызметін лицензиялау;

Мемқұрылыслицензияның облыстық, Алматы және Ленинск қалалық
аумақтық бөлімшелері туралы үлгілік ережелерінің жобасын жасап, оны
Қазақстан Республикасының құрылыс, тұрғын үй және аумақтарда құрылыс салу
министрлігінің бекітіміне ұсыну;

лицензиялар алған заңды ұйымдар мен жеке тұлғалар есебін жүргізіп және
олардың тізбесін басып шығару;

лицензиялардың күшін жою немесе қолданылуын тоқтату туралы жедел
ақпараттар басып шығару;

сәулет-қала құрылысы саласындағы лицензиялық қызмет тәжірибесін зерттеу
және қорыту;

сәулет-қала құрылысы қызметін лицензиялау мәселелері бойынша
нұсқамалық және нормативтік-әдістемелік құжаттарды әзірлеу, консультациялық
қызмет көрсету;

лицензиялық қызметті жетілдіру жөніндегі ұсыныстар әзірлеу;

лицензиялауға қатысушы қызметкерлердің біліктілігін арттыруды
ұйымдастыру.

4. Өзіне жүктелген міндеттерге сәйкес Мемқұрылыслицензия:

сәулет-қала құрылысы қызметін лицензиялау мәселелері бойынша кез келген
құрылыс объектілерінде, ұйымдар мен кәсіпорындарда ешбір кедергісіз болуға;

лицензиялардың болуын және лицензия мәртебесін сақтауын тексеру үшін
кәсіпорындар мен ұйымдардың қызметіне қажет болғанда ішінара бақылауды
жүзеге асыру, бұл мақсаттар үшін жобалардың мемлекеттік сараптама,
сәулет-құрылыс бақылау органдарын, басқа да қадағалау органдарын тартуға;

кәсіпорындар мен ұйымдардың лицензияланатын заңды ұйымдарға
қойылатын талаптарды бұзуына байланысты мемлекеттік басқару органдарына

ұ с ы н ы с

е н г і з у г е ;

министрліктер мен ведомстволардан, жергілікті әкімдерден, холдингтік компаниялардан, бірлестіктерден, концерндерден, ассоциациялар мен шаруашылық жүргізуші субъектілерден Мемқұрылыслицензияға жүктелген міндеттерді орындауға қажетті лицензиялау мәселелері бойынша материалдарды с ұ р а у ғ а ;

өз құзыры аясында министрліктердің, ведомстволардың, жергілікті әкімдер мен шаруашылық жүргізуші субъектілердің орындауы үшін міндетті сәулет-қала құрылысын лицензиялау бойынша нормативтік құжаттар жасап және басып ш ы ғ а р у ғ а ;

лицензиялануға жататын сәулет-қала құрылысы қызметі түрлерінің тізбесіне түзетпе жасау жөнінде ұсыныс әзірлеуге құқылы.

5. Мемқұрылыслицензия қызметін қаржыландыру лицензияларды бергені, қайта тіркегені, мамандандырылған сараптама орталықтары мен маман-сараптамашыларды тіркегені, сондай-ақ консультациялық және ақпараттық қызмет көрсеткені үшін алатын қаражат есебінен асырылады.

6. Мемқұрылыс лицензия бастығын Қазақстан Республикасының Құрылыс, тұрғын үй және аумақтарда құрылыс салу министрлігінің ұсынысы бойынша Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті, ал облыстық, Алматы және Ленинск аумақтық бөлімшелерінің бастықтарын - Қазақстан Республикасының Құрылыс, тұрғын үй және аумақтарда құрылыс салу министрі мен тиісті облыстар мен қалалардың әкімдерінің келісімімен Мемқұрылыслицензия б а с т ы ғ ы т а ғ а й ы н д а й д ы .

7. Мемқұрылыслицензия бастығының орынбасарларын Мемқұрылыслицензия бастығының ұсынысы бойынша Қазақстан Республикасының Құрылыс, тұрғын үй және аумақтарда құрылыс салу министрі қызметке тағайындап және қызметтен босатады.

8. Мемқұрылыслицензия бастығы:

департамент жұмысын жоспарлап, ұйымдастырады, осы Ережемен белгіленген міндеттер мен қызметтерді орындау жөнінен оның қызметіне жеке ж а у а п б е р е д і ;

орынбасарлары мен құрылымдық бөлімшелерінің арасындағы міндеттерді б ө л е д і ;

өкімет билігінің мемлекеттік басқару және атқару органдарында, сот органдарында, кәсіпорындар мен ұйымдарда департамент мүддесін білдіреді;

іс жүзіндегі заңдарға сәйкес мүлікке және қаржы қаражаттарына иелік етеді, сенімхат, мұның ішінде қайта сенім құқын береді, банкілерде есеп айырысу және басқа да есеп шоттар ашады, қаржы тәртібінің сақталуын қамтамасыз етеді; департаменттің құрылымын, шығындар сметасын және штаттық кестесін

б е к і т е д і ;

департамент қызметкерлерін ынталандыру және жазалау оларға материалдық көмек көрсету мәселелерін шешеді;

департаменттің экономикалық нормативтері мен шаруашылық қызметінің негізгі көрсеткіштерін бекітеді;

департаменттің аумақтық бөлімшелерінің қызметі туралы есептерді қарап, б е к і т е д і ;

өз құзыры шегінде департаменттің барлық аумақтық бөлімшелерінің орындауы үшін міндетті бұйрықтар, өкімдер шығарады және нұсқаулар береді.

9. Мемқұрылыслицензияның аумақтық бөлімшелері туралы ережені облыстардың, Алматы және Ленинск қалалары жергілікті әкімдерінің келісімі бойынша Мемқұрылыслицензия бекітеді.

10. Мемқұрылыслицензия дербес заңды тұлға болып табылады, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасы бейнеленген, қазақ және орыс тілдерінде өзінің атауы жазылған дөңгелек мөрі болады.